



Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

Бет. 1 ден 7

Ғылым және білім бөлімінің қызметі туралы Ереже

БЕКІТЕМІН

ҚР ДСМ «Ұлттық шұғыл
медицинаны үйлестіру орталығы» ШЖҚ РМК

Басқарма Төрағасы

Е.Б. Адилбеков

«___» _____ 2026 ж.

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Ұлттық
шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» шаруашылық жүргізу
құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының
Ғылым және білім бөлімі туралы ЕРЕЖЕ**

Астана қ, 2026 жыл



Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

Бет. 2 ден 7

Ғылым және білім бөлімінің қызметі туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1.1. ҚР ДСМ «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» ШЖҚ РМК Ғылым және білім бөлімі клиникалық орталық құрамында ұйымдастырылған және оның құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

1.2. Ғылым және білім бөлімінің құрылымы мен штат саны ҚР ДСМ «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» ШЖҚ РМК штат кестесімен айқындалады – бұдан әрі ҰШМҰО.

1.3. Ғылым және білім бөлімі шұғыл көмекті үйлестіру жөніндегі Басқарма Төрағасының орынбасарына тікелей бағынады.

1.4. Ғылым және білім бөлімі өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексін, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің нормативтік-құқықтық актілерін, ҰШМҰО Жарғысын, осы Ережені, ҰШМҰО Басқарма Төрағасының өкімдері мен бұйрықтарын басшылыққа алады.

1.5. Қызметкерлердің негізгі қызмет бағыттары, міндеттері мен құқықтары осы Ереже негізінде әзірленетін және ҰШМҰО Басқарма Төрағасы бекітетін тиісті лауазымдық нұсқаулықтармен айқындалады.

1.6. Осы Ереженің талаптары Ғылым және білім бөлімінің барлық персоналы үшін міндетті.

2. Миссия

ҰШМҰО ның ғылыми әлеуетін ғылыми-зерттеу қызметін үйлестіру, қолдау және ілгерілету, дәлелді медицина қағидаттарын енгізу, гранттық жобаларды дамыту және қызметкерлердің жарияланымдық белсенділігін арттыру арқылы дамытуға жәрдемдесу.

Ғылым және білім бөлімі бірегей клиникалық тәжірибе мен ғылыми зерттеулер нәтижелерін кәсіби қоғамдастық сұранысына ие жаңа білімге айналдыру үшін жағдай жасайды, осылайша ҰШМҰО-ның ұлттық және халықаралық деңгейлердегі ғылыми беделін нығайтуға ықпал етеді.



3. Көзқарас

Медицина саласындағы клиникалық практиканы, ғылыми зерттеулер мен инновацияларды біріктіріп, әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілетті ғылыми орта құратын жетекші ғылыми бөлімше болу.

Ғылым және білім бөлімі ҰШМҰО-ның әрбір клиникалық департамент ғылыми зерттеулер мен гранттық жобаларға белсенді қатысатын, ал бірегей клиникалық жағдайлар мен озық медициналық шешімдер жоғары рейтингті ғылыми жарияланымдарда, халықаралық конференцияларда және кәсіби пікірталастарда көрініс табатын танылған ғылыми-клиникалық орталық ретінде көреді.

Біз дәрігерлеріміздің, ғалымдарымыздың және зерттеушілеріміздің жетістіктері әлемдік ғылыми кеңістікте кеңінен ұсынылып, білім алмасуға, халықаралық ынтымақтастықты дамытуға және ҰШМҰО-ның шұғыл медицина саласындағы озық тәжірибе көзі ретіндегі танымалдылығын арттыруға ықпал етуге ұмтыламыз.

4. Мақсаттар

4.1. ҰШМҰО-ның ғылыми-зерттеу қызметін дамыту

- Клиникалық департаменттерде ғылыми зерттеулер жүргізуге қолайлы жағдай жасау.
- Ғылыми тәсіл мен дәлелді медицина қағидаттарын практикалық денсаулық сақтауға енгізуге жәрдемдесу.

4.2. Гранттық және бағдарламалық-нысаналы қызметті қолдау.

- Ғылыми жобалар мен гранттық өтінімдерді бастамалау, сүйемелдеу және үйлестіру.
- Қызметкерлердің ұлттық және халықаралық ғылыми қаржыландыру конкурстарына қатысу деңгейін арттыру.
- Пәнаралық және ұйымаралық ғылыми ынтымақтастықты дамыту.

4.3. Қызметкерлердің жарияланымдық белсенділігін арттыру.

- Отандық және халықаралық рецензияланатын басылымдарда ғылыми мақалаларды дайындауға және жариялауға жәрдемдесу.
- Халықаралық дерекқорларда индекстелетін журналдардағы жарияланымдар санын арттыру.
- Ғылыми жұмыстарды дайындаудың барлық кезеңдерінде авторларға әдістемелік қолдау көрсету.



Ғылым және білім бөлімінің қызметі туралы Ереже

4.4. ҰШМҮО-ның бірегей клиникалық тәжірибесін ілгерілету.

- Сирек және күрделі клиникалық жағдайларды анықтау, жүйелеу және ғылыми сүйемелдеу.
- Клиникалық бақылауларды, жағдайлар серияларын және емдеу нәтижелерін жариялауға жәрдемдесу.
- Медициналық көмектің сапасын арттыру мақсатында жинақталған тәжірибені медициналық қоғамдастық арасында тарату.

4.5. ҰШМҮО-ның ғылыми беделі мен танымалдылығын арттыру.

- Қызметкерлер мен бөлімшелердің ғылыми жетістіктерін мониторингтеу және талдау.
- Ұлттық және халықаралық деңгейлерде ҰШМҮО-ның оң ғылыми имиджін қалыптастыру.
- Жарияланымдар, ғылыми іс-шаралар және кәсіби алаңдар арқылы ғылыми жетістіктерді танымал ету.

4.6. Халықаралық ғылыми ынтымақтастықты дамыту.

- Қызметкерлердің халықаралық конгрестерге, форумдарға, конференцияларға және ғылыми желілерге қатысуын кеңейту.
- Жетекші ғылыми және медициналық ұйымдармен серіктестік қатынастар орнату.
- ҰШМҮО-ның әлемдік ғылыми кеңістікке интеграциялануына жәрдемдесу.

4.7. Қызметкерлердің ғылыми әлеуетін дамыту.

- Дәрігерлер мен мамандардың зерттеу құзыреттерін арттыру.
- Зерттеу әдіснамасы, биостатистика, ғылыми жазу және жарияланымдық қызмет бойынша оқыту іс-шараларын ұйымдастыру.
- Үздіксіз ғылыми даму және академиялық көшбасшылық мәдениетін қалыптастыру.

5. Негізгі міндеттер

5.1. Ұйымның білім беру және ғылыми қызметін үйлестіру, олардың келісімді дамуын қамтамасыз ету.

5.2. Қызметкерлердің біліктілігін арттыру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру, тренингтер, семинарлар, вебинарлар ұйымдастыру.

5.3. Клиникалық зерттеулерді, ғылыми жарияланымдарды, зерттеу жобаларын, гранттық өтінімдерді дайындауға және іске асыруға жәрдемдесу.

5.4. Бейінді министрліктермен, медициналық университеттермен, ғылыми-зерттеу орталықтарымен және серіктес ауруханалармен өзара іс-қимыл жасау.



Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

Бет. 5 ден 7

Ғылым және білім бөлімінің қызметі туралы Ереже

5.5. Білім беру және ғылыми қызметтің тиімділігін мониторингтеу және талдау, тиісті есептерді дайындау.

5.6. Ғылым және білім саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту: шетелдік жобаларға, конференцияларға, симпозиумдарға, форумдарға қатысу.

5.7. Мекеме базасында ғылыми-практикалық іс-шараларды өткізуді ұйымдастыру және сүйемелдеу.

5.8. Good Clinical Practice талаптары мен ұлттық нормативтерге сәйкес клиникалық зерттеулерді әзірлеуге және сараптауға қатысу.

5.9. Практикаға бағдарланған ғылым және білім саласындағы халықаралық өзара іс-қимылды дамыту: шетелдік сарапшыларды тарту, тағылымдамаларға қатысу.

5.10. Қызметкерлердің ғылыми мәдениетінің деңгейін арттыру, ғылыми және білім беру бастамаларының нәтижелерін танымал ету.

6. Функциялар

6.1. Ұйымның ғылыми және білім беру қызметінің жоспарын әзірлеу және жыл сайын жаңарту.

6.2. Ішкі оқыту іс-шараларын, тренингтерді, әдістемелік семинарларды өткізу.

6.3. Ғылыми және білім беру жобалары, гранттар, конференциялар, клиникалық зерттеулер бойынша ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу, қайта қарау және өзектендіру.

6.4. Қызметкерлерге ғылым, білім және жобалық қызмет мәселелері бойынша консультациялық және әдістемелік қолдау көрсету.

6.5. Бөлім қызметі туралы есептерді дайындау: ғылыми көрсеткіштер, білім беру іс-шаралары, халықаралық ынтымақтастық.

6.6. Зерттеу және пәнаралық топтардың қалыптасуына және жұмысына жәрдемдесу.

6.7. Біліктілікті арттыру бағдарламаларын, элективті курстарды және әдістемелік құралдарды әзірлеуге және сараптауға қатысу.

6.8. Ұлттық және халықаралық гранттар, конференциялар мен конкурстар туралы ақпаратты жинау, талдау және тарату.

6.9. Халықаралық байланыстарды орнату және дамыту, бірлескен іс-шаралар мен сапарларды ұйымдастыру.

6.10. Ғылыми-этикалық нормалар мен білім беру және ғылыми зерттеулер сапасының стандарттарының сақталуын бақылау.



Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

Бет. 6 ден 7

Ғылым және білім бөлімінің қызметі туралы Ереже

7. Құқықтары

Ғылым және білім бөлімі құқылы:

7.1. Өз құзыретіне кіретін жұмысты жүзеге асыру үшін қажетті материалдарды (ақпаратты, белгіленген нысандар бойынша есептерді, анықтамаларды және т.б.) ҰШМҰО құрылымдық бөлімшелерінен талап етуге.

7.2. Еңбек жағдайларын ұйымдастыру және жақсарту мәселелері бойынша ҰШМҰО әкімшілігіне ұсыныстар енгізуге.

7.3. Қойылған міндеттерді шешу үшін әртүрлі бейіндегі жекелеген мамандарды жұмысқа тартуға.

7.4. ҰШМҰО-ның ағымдағы және перспективалық қызметін жоспарлау мәселелері бойынша ұсыныстар енгізуге.

7.5. Персоналды оқыту және дамыту бағдарламаларына қатысуға.

8. Жауапкершілік

Ғылым және білім бөлімінің басшысы мен персоналы жауапты:

– осы Ережеге, Қазақстан Республикасының заңнамасына, еңбек шартына, лауазымдық нұсқаулыққа және ҰШМҰО-ның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес Ғылым және білім бөліміне жүктелген функциялар мен міндеттердің сапалы және уақтылы орындалуына бөлім басшысы жауапты;

– Ғылым және білім бөлімінің барлық персоналы лауазымдық нұсқаулыққа, еңбек шартына және ҰШМҰО-ның ішкі құжаттарына сәйкес өздеріне жүктелген функциялар мен міндеттердің сапалы және уақтылы орындалуына белгіленген тәртіппен дербес жауапты;

– Қазақстан Республикасының заңнамасы, Ғылым және білім бөлімінің қызметін регламенттейтін нормативтік-құқықтық, жергілікті, ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттар талаптарының сақталмауына;

– дәрігерлік құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге;

– сеніп тапсырылған мүліктің сақталуына;

– жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуіне, еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптардың, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі бойынша іс-шаралардың орындалуына.

9. Өзара іс-қимыл

Ғылым және білім бөлімі өзіне жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау барысында ҰШМҰО-ның барлық құрылымдық бөлімшелерімен белгіленген тәртіппен өзара іс-қимыл жасайды.



Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

Бет. 7 ден 7

Ғылым және білім бөлімінің қызметі туралы Ереже

Келісу парағы

№	Т.А.Ә.	Лауазымы	Күні	Қолы
1	Сапаров А.И.	Шұғыл көмекті үйлестіру жөніндегі Басқарма Төрағасының орынбасары		
2	Идрисова А.К.	Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы		
3	Қалмырза Б.Н.	Персоналды басқару бөлімінің басшысы		
4	Сүлейменова С.Б.	Ғылым және білім бөлімінің басшысы		
5	Наби М.Е.	Ғылым және білім бөлімінің бас маманы		
6	Мұқажан Д.Ж.	Ғылым және білім бөлімінің жетекші маманы		